

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЭКОЛОГИЯ, ГЕОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЭКОЛОГИИ, ГЕОЛОГИИ
И ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр. Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісі
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаттары
Е. Абақановқа
М. Ахметовке
Ғ. Елеуовке
Е. Жаңбыршинге
А. Қожахметовке
Ғ. Ташқараевқа

Құрметті депутаттар!

2021 жылғы 10 наурыздағы
№ ДС-97 сауалға

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Сіздердің халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұлттық стандарттар мен өлшемдерді қайта қарауға қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Халықтың ауа сапасы туралы жедел экологиялық ақпаратқа онлайн қолжеткізуін қамтамасыз ету мақсатында «Қазгидромет» РМК «AirKz» мобильді қосымшасын әзірледі және атмосфералық ауа сапасы бойынша интерактивті картаны іске қосты.

«AirKz» және интерактивті карта онлайн режимде Республикалық маңызы бар қалаларды, облыстық, өнеркәсіптік орталықтарды және табиғат пайдаланушылар тарапынан экологиялық жүктемеге ұшыраған шағын елді мекендерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының 45 елді мекенінде орналасқан 140 атмосфералық ауа сапасын бақылау станциясы бойынша атмосфералық ауаның ластануы туралы деректерді көрсетеді.

«AirKz» мобильді қосымшасының жасылдан (ластану деңгейі төмен) қызылға дейінгі (ластану деңгейі өте жоғары) градиациясы бар.

«AirKz» мобильдік қосымшаның және интерактивті картаның деректері бойынша күн сайын атмосфералық ауадағы ластаушы заттардың ШЖШ нормативтерінің асып кетуі тіркеледі.

Сондай-ақ 2018 жылы «Қазгидромет» РМК АҚШ және ДДҰ нормативтерін қолдана отырып, Қазақстан үшін АҚШ-тың «AQI» индексін есептеу бағдарламасын әзірледі. 2019 жылы «Қазгидромет» РМК интерактивті картасына тестілік режимде «AQI» индексін есептеу бағдарламасын енгізді (бұл карта «Қазгидромет» қызметкерлері үшін жабық күнделікті тестілік режимде жұмыс істейді).

Шынында да, 2015 жылы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қайта қараған санитариялық-эпидемиялық нормативтерде ластаушы заттардың рұқсат етілген шекті шоғырлануы қалалар мен елді мекендердегі атмосфералық ауаның ластану индексінің төмендеуіне әкелді. Бұл ластаушы заттардың шекті рұқсат етілген шоғырының сандық мәндеріне енгізілген өзгерістерге байланысты болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиялық нормативтерді жаңарту бойынша жұмыс жүргізуде.

Қазақстанда «AQI» индексін одан әрі енгізу мәселесі бойынша 2021 жылғы 11 ақпанда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі қызметкерлерінің қатысуымен кеңес өткізді.

Кеңестің қорытындысы бойынша Жұмыс тобы құрылды, оның шеңберінде халықты атмосфералық ауаның сапасы туралы хабардар ету және ауа сапасының ұлттық стандарттарын қайта өңдеу үшін «AQI» индексін қолдану мүмкіндігі мәселелері қаралды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі АҚШ, Еуроодақ немесе ДДҰ стандарттары бойынша ауа сапасының индексін «AQI» енгізу мәселесін одан әрі зерделеу және түрлі сценарийлер бойынша халыққа ұсынымдар дайындау үшін «AQI» индексін ҚР ДСМ ведомстволық бағынысты ұйымдарының («Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы») ШЖҚ РМК, «Қарағанды медицина университеті» КЕАҚ, «Астана медицина университеті» КЕАҚ, «М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КЕАҚ) қарауына енгізу бойынша ұсыныстар жіберді.

Алайда «AQI» индексін енгізу атмосфералық ауаның жоғары ластану проблемасын шешу болып табылмайтынын атап өтеміз.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ғалымдар мен жұртшылықтың қатысуымен 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы» әзірленуде, онда ауаның ластануын төмендету бойынша индикаторлар көзделген. Аталған жобаны іске асыру ауаның ластану деңгейі жоғары 10 қаладағы: Теміртау, Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Өскемен, Қарағанды, Балқаш, Жезқазған, Шымкент» қалаларындағы жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ бүгінгі күні Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 36-бабының 15-тармағына сәйкес Сапаның экологиялық нормативтерін әзірлеу және қайта қарау қағидаларының жобасы

әзірленді. Бұдан әрі Экологиялық кодекске сәйкес зертханалық сынақтардың, ғылыми зерттеулердің нәтижелері негізінде қоршаған ортаның мынадай компоненттерінің әрқайсысы үшін жеке-жеке сапаның экологиялық:

- 1) атмосфералық ауа;
 - 2) жер үсті және жер асты сулары;
 - 3) топырақ және жер нормативтері әзірленетін және белгіленетін болады.
- Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология және
табиғи ресурстар министрі**

М. Мырзағалиев

*Орын.: А. Сакабаева
тел.: 740890*



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр. Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

**Депутатам Фракции
партии «Nur Otan»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Е. Абаканову
М. Ахметову
Г. Елеуову
Е. Жаңбыршину
А. Қожахметову
Г. Ташқараеву**

Уважаемые депутаты!

*На № ДС-97
от 10 марта 2021 года*

Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан, рассмотрев Ваш депутатский запрос, касательно пересмотра национальных стандартов и критериев с учетом международного опыта сообщает следующее.

С целью обеспечения онлайн доступа населения к оперативной экологической информации о качестве воздуха РГП «Казгидромет» разработано мобильное приложение «AirKz» и запущена интерактивная карта по качеству атмосферного воздуха.

«AirKz» и интерактивная карта в онлайн режиме отображают данные о загрязнении атмосферного воздуха по 140 станциям контроля качества атмосферного воздуха, расположенных в 45 населенных пунктах РК, включая города Республиканского значения, областные, промышленные центры и небольшие населенные пункты, подверженные экологической нагрузке со стороны природопользователей.

Мобильное приложение «AirKz» имеет градацию от зеленого (низкий уровень загрязнения) до красного цвета (очень высокий уровень загрязнения).

По данным мобильного приложения «AirKz» и интерактивной карты практически ежедневно фиксируются превышения нормативов ПДК загрязняющих веществ в атмосферном воздухе.

Также в 2018 году, РГП «Казгидромет» разработал программу расчета Индекса «AQI» США для Казахстана с применением нормативов США и ВОЗ и в 2019 году внедрил программу расчета Индекса «AQI» в Интерактивную карту РГП «Казгидромет» в тестовом режиме (данная карта действует в закрытом ежедневном тестовом режиме для сотрудников «Казгидромет»).

Действительно, пересмотренные Министерством здравоохранения Республики Казахстан в 2015 году некоторые предельно допустимые концентрации загрязняющих веществ в санитарно-эпидемиологических нормативах привели к снижению индекса загрязненности атмосферного воздуха городов и населенных пунктах. Это произошло в связи с внесенными изменениями в числовые значения предельно допустимых концентраций загрязняющих веществ. В настоящее время Министерством здравоохранения Республики Казахстан ведется работа по обновлению санитарно-эпидемиологических нормативов.

По вопросу дальнейшего внедрения индекса «AQI» в Казахстане 11.02.2021 т.г. Министром экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан проведено совещание, с участием сотрудников Министерства здравоохранения Республики Казахстан.

По итогам Совещания создана Рабочая группа, в рамках которой рассматривались вопросы возможности применения индекса «AQI» для оповещения населения о качестве атмосферного воздуха и переработки национальных стандартов качества воздуха.

В настоящее время, Министерством здравоохранения Республики Казахстан направлены предложения по внедрению индекса «AQI» на рассмотрение в подведомственные организации МЗ РК (РГП на ПХВ «Национальный центр общественного здравоохранения», НАО «Медицинский университет Караганды», НАО «Медицинский университет Астана», НАО «Западно - Казахстанский медицинский университет им. М. Оспанова»), для дальнейшего изучения вопроса внедрения индекса качества воздуха «AQI» по стандартам США, Евросоюза или ВОЗ и подготовки рекомендации для населения при различных сценариях.

Однако, отмечаем, что внедрение индекса «AQI» не является решением проблемы высокого загрязнения атмосферного воздуха.

По поручению Главы государства разрабатывается «Нацпроект «Жасыл Казахстан» на 2021-2025 годы с участием ученых и общественности в котором предусмотрены индикаторы по снижению загрязнения воздуха. Реализация данного проекта позволит улучшить ситуацию в 10 городах с высоким уровнем загрязнения воздуха: Темиртау, Нур-Султан, Алматы, Актобе, Атырау, Усть-Каменогорск, Караганда, Балхаш, Жезказган, Шымкент».

Также, на сегодняшний день в соответствии с пунктом 15 статьи 36 Экологического кодекса Республики Казахстан от 2 января 2021 года (*далее – Кодекс*) разработан проект Правил разработки и пересмотра экологических нормативов качества. В дальнейшем в соответствии с Экологическим кодексом будут разработаны и установлены экологические нормативы качества на

основании результатов лабораторных испытаний, научных исследований отдельно для каждого из следующих компонентов окружающей среды:

- 1) атмосферного воздуха;
- 2) поверхностных и подземных вод;
- 3) почв и земель.

Работа в данном направлении продолжается.

**Министр экологии,
геологии и природных ресурсов
Республики Казахстан**

М. Мирзагалиев

*Исп: Сакабаева А.
тел.: 740890*